

манға берер үлгі-өнегесі мен тәлім-тәрбиесі «кеудесінде сәулесі бар» жанға әсерін тигізері анық.

Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деген екен. Ұрпақ тәрбиесін жүзеге асыруда ақындарымыздың туындыларындағы адамгершілік идеяларды, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді назарда ұстау, әдебиетіміздің асыл үлгілері арқылы жас ұрпақты жақсы қасиеттерге баулу бүгінгі таңда аса қажет. Осы тұрғыда Әсет Найман-

байұлы өлеңдерінің тағылымдық маңызы, берер тәлімі мол екенін айта кеткеніміз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Найманбаев Ә. Шығармалар. Алматы., «Жазушы», 1988
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы., «Ана тілі» 1995
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. «Жазушы», 1992
4. Құнанбаев А. Шығармалары. Алматы., «Жалын», 1995

Тастайбаев Д.Ә., магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі - Мұхтар Әуезов. Ол әлемдік құбылыс. Әуезов ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Әуезов дүкенінде қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік дәстүрлердің тереңдеп сіңгенін танытты.

Оның шығармаларының ең бір жақсы жағы жастарды адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақ халқы мәдениетінің өркендеуіне Мұхтар Әуезовтің сіңірген еңбегі орасан зор, ол өзі сияқты санаулы адамдармен бірге әдебиетіміздің жедел дамуына ат салысты, проза мен ұлттық дарматургиямыздағы бастаушылардың бірі болды.[1, 85]

Мұхтар Әуезов – шығармалары ұлттық шеңберден шығындап көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда туған жекелеген байсалды еңбектеріне қарамастан, оның мұрасы

әлі ұзақ уақыт жан – жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет. Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс – М. Әуезов туындылары идеялық – көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап етеді. [3, 181]

М.Әуезовтің әйгілі шығармаларының бірі «Көксерек». Оған ертеректе жат сарынды туынды деп кінә тағылса да, бүгін шедевр.

Түлкі – қу, қасқыр – қорқау, бүркіт – қыран кейпінде, бір-ақ қырынан бейнеленетін, эпостың ескі соқпағын бұзған Мұхтар Әуезов реалистік әдебиеттердің жақсы сабақтарына әбден ден қойған.

Бір объектіге бару алдында оны зерттеуші көзімен тексеріп, ыждағатпен байыптап алатын, қалт жібермес машығын ескерсек, Әуезовтің мәшһүр жазушы Эрнест Сетон – Томпсон творчествосымен таныстығы шәк келтірмейді.

Зоология саласындағы үздік еңбектері үшін алтын медаль алған сұңғыла ғалым Э. Сетон-Томпсон ұзақ

тірлігінде (1860 жылы туған) оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп, жаһан әдебиетінде қызық бет болып қалған «Қуғындағылар», «Қаһармандар», «Аюдың өмірі», «Жорға» атты кітаптарына қасқыр, аю, бұғы, мысық, қоян, торғай, сілеусін, ит хикаясын арқау етті. Шығарма мәнін аша түсетін барлық суреттер жазушының өз қолынан шыққан.

Оның туындылары әлі шырқы бұзылып үлгірмеген өткен ғасырдағы Канада табиғатының иісі аңқып тұрады. Иен өңірді жайлаған жан – жануар тірлігі бәз қалпында, білгірлікпен суреттеледі. Жазушы стилінде композициялық – сюжеттік тап – түйнақтылықтан гөрі, еркіндік, ыңғайға қарай көсілу басым. Автор көбіне өз атынан баяндайды. Оқиға ақ астынан килігу, өз байламдарын айту шеберлік талаптарына нұқсан келтіретіні де рас. [5, 75]

Жазушының натуралист суреттерді қуып кетпей, мәнді идеяға ұмтылуын «Лобо» әңгімесінен көруге болады. Лобо қасқырдың аты. Төңіректегі малшыларды қан қақсатып, зар илеткен қандыауыз топтың көкжал басшысы. Салған у, атқан оқ, қосқан иттің бірі дарымайды оған. Өлексеге пысқырып та қарамайды, жарып жейтіні – мал, қулық – сұмдыққа төселіп, жырынды боп алған көкжалға тыйым жоқ секілді. Әбден амалы таусылып, титықтаған аңшы ақыры қақпанмен Аққаншықтың сілесін қатырған. Аяғын кесіп алып, әрбір қарға адым жерге құрылған қақпандар маңына із салады. Сыңарын, мұндасын иісінен сезген Лобо қауіп-қатерді естен шығарып, өлім тырнағына ілігеді. Сәкен поэмасында бір аққу құрбан болса, мына әңгімеде сол сарын бар. Э. Сетон – Томпсонның бұл «Лобо» әңгімесіндегі екі қасқырдың трагедиялық тағдыры М. Әуезовтің «Көксерек» шығармасындағы Көксерек пен Аққасқырдың тағдырына шығарманың сюжеті жағынан онша ұқсас болмаса да, адамдар мен қасқырлар-

дың арасындағы өмір үшін күрес драмасы екі шығармада да айқын көрініс табады.

Ал жазушының «Лобо» әңгімесінен гөрі «Винипег қасқыры» әңгімесінің сюжеті және М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасының сюжетінің ұқсастықтары көп.

Қызыл өзен бойындағы үңгірде адам қолына түскен сегіз күшіктің біреуінен басқасының түгел қылтасы қиылады. Жетім жалғызды трактиршінің ерке ұлы Джим асырай бастайды. Мойнын шынжыр кескен, босап кетсе иттердің талауына түскен ызалы қасқыр боп өсіп келе жатыр. Ұяластарын мерт қылған, өзіне де талай қорлық көрсеткен Польшаның түбіне жетеді ақыры.

Э. Сетон – Томпсон шығармаларында жануарлар өмірі сырт көздің қабылдауы, бағалауы арқылы бейнеленеді. Қасқыр, аю бұғы - өзі не сезді, не түсінді, бұл көп ретте суреткер назарынан тысқары қалады. Оның творчествосы тұтастай алғанда натуралистік өреден шідер үзіп, ұзап, алысқа кете алған жоқ.

Дәл бір кітапқа арқау ету үшін тағдырдың өзі әдейі шырғалаңға салғандай, аз уақытта қат – қабат тірлік кешкен Джек Лондонның жануарлар жайлы шығармаларында адам мен табиғат, адам мен хайуанат дүниесі арасындағы өте күрделі байланыс жан – жақты суреттеледі. Ұзақ көлемді, мол оқиғалы «Ақазу» романын алыңыз. Композициялық тұрғыдан шығарманың төрт бөлімі бір – біріне жымдаса қиысып берілмегендігін аңғару қиын емес. Қысқа қайырап, түйіп тастар жерлердің созылып, тым шұбаландап кеткен реті мол. Хайуанаттар өміріндегі күйлерді талғамай адам қоғамына тели салу да баршылық. Басқа да оқулықтарды көрсетуге болады. Не десе де әлем әдебиетінде «Ақазу» сынды әйгілі туынды санаулы ғана. Джек Лондон қасқыр әлемін бейнелеуде Жалғызкөз бен Кичидің күшігін шебер пайдаланған. Күшіктің көзін ашқаннан бастап дүниені қабылдауы өз

түйсігі, өз инстинкті арқылы қоршаған орта сырын ашуы, кім дос, кім жау екенін аңғару аян болады.

Көк бөлтіріктің жаңа өмірі үндістер қолына түскеннен кейін басталған. Ендігі аты – Ақазу. Иттердің кергісінде қыспақ, тепкі көріп өсіп келеді. Бар мақұлық бас иетін, бар жаһанды бағындырған ие – адам екенін әбден түсінген Ақазу бұлардың арасындағы айырманы танитын халге жеткен. Қанша қатал ұстаса да, өз қожасындай пенде жоқтығын Сылқым Смит қолы түскенде ұғынған. Тағдыр тезі, жазмыш күші айналып келгенде қоршаған орта әсеріне саяды деген сарын еседі. Өз күшігін бір жылдан кейін танымай қалған Кичи қылығы көп ойға қалдырды.

Шынжырдағы Ақазудың қайнаған кек, долы ашуы талай итке жер жасатты. Сылқым Смит қолына түскен Ақазу иесіне берілген, соның жолында жанын пида етуге дайын. Адам мейірімі жібітпес қаратас жоқ.

Джек Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптап, адамдар арасындағы қым – қиғаш сырларға емеуірін жасап, мегзеу әсірелеу арқылы ішіне от тастайды, сезімің, ойың тұтанып жүре береді.

Мұхтар Әуезов «Көксерегін» оқығанда есіңізге осы шығармалар түседі. Салыстырып, біріне – бірін байланыстыра қарай бастайсыз. Әуендес көріністер, үндес сарындар, рендес бояуларды табуға қиын соқпайды. Бауырда жатқанында емшектестері түгел өлтіріліп, қолға түскен күшік, иттердің кергісінде, мойнын шынжыр кесіп өскен бөлтірік, бөрілер ортасына қайта қашып барып топ бастаған көкжал, кісі жеген қандыауыз, ақыры адам қорлынан, ит аузынан опат тапқан қасқыр. Бұл бір жазушы екінші жазушыдан жиендік жасап, оп-оңай көшіріп ала салған дайын сюжет, өзгермес қалып емес, құбылыс сипатынан, объекті ерекшелігінен туған жалпы ұқсастық.

Әуезов «Көксерегі» - реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырын бажалай таныған суреткер зады ежіктеуден, мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кеспірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі.

«Көксерек» повесі шағын – шағын сегіз тармаққа бөлінген. Бұлар дөңгеленіп, аяқталған сом сурет, өз алдын жеке картина іспетті, әрқайсысында әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдері қолданылған.

Адам – бөлтірік – орта. Бұл үшеуін автор диалектикалық байланыста бейнелеу үшін, қажетіне қарай баяндау әдісін құбылтып, өзгертіп отырады.

Кісі қолында өскен қасқыр күшігінің қалыптасуында қоршаған орта ықпалы бірінші қатарға шығарылады. Бұл хайуанаттар туралы шығармаларды, әжептәуір тиянақталған мотиві Әуезов қазақ топырағына, көшпелі савара шындығына сәйкес әуенді шертеді.

Бөлтіріктің өсуін бейнелегенде, автор натуралистік зоологиялық өзгерістерді жіпке тізіп жатпай, мінез ерекшеліктеріне, сыртқы ықпал әсерінен болған жәйттерге назар аударады. Көксеректің үлкен иттерден, қатын – қалаштан көрген жәбір – жапасы ішіне шемен болып қатып, жалғыз Құрмаш қамқорлығы жүректегі мұзды жібіте алмаған. Қойға шапқан қасқырлар артынан еріп Көксеректің дөң асуы оның табиғатына шәркез қылық емес. Адасып қалып, жырылып кетіп,

тепкіден бетер еріксіздік торына түскен қырдың дүлей перзентінің бостандыққа ұмтылуы, ата – бабалары жортқан иен далаға тартуы, ұяластарын іздеуі жаратылыс заңы еді. Бірақ нәсілі бір болғанмен, өзге орта өскен Көксеректі қасқырлар оп-оңай тобына қосып алмасы түсінікті. [4, 142]

Повестьтің соңы Көксеректі асыраған Құрмаштың өлімімен аяқталуы. Шығарманы осымен бітіруге болатын еді. Бірақ өйткен күнде, жазушы позициясы, авторлық мұрат көмескі тартып кетері сөзсіз. Зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы тұрар, оны жеңер күш бар деген сарынды Әуезов әліптей түседі.

Рас, Аққасқаның әрекет, қимылы көзге елестердей жанды кейіпте емес. Сырт пошымы да жақсы есте қалмайды. Мұның есебінде соңғы бөлімде Көксерек ізіне түсуі әсерлі баяндалған. Талай иттің мойнын бұрап, мал атаулыға қырғидай тиген Көксерек әлі де осал еместігін көрсетеді.

Шығарманың соңында ана кесігі – Көксеректі басқа тебуі. Жазушының гуманистік идеалын да осы орайдан іздеуіміз керек. Адам қолында өскен, бірақ адамға қиянат еткен, оның ет – бауырын езіп, жара салған көкжал сол адам қолынан өлім тапты.

Образдық ой символдық ойға, әуенді сарын үлкен идеяға ұласып, сахара топырағындағы шындықты қанық бояу, айқын колоритпен бейнеленген «Көксерек» бір әдебиет шеңберінен биіктеп көтеріліп, әлемдік жауһарлар қатарына қосылды. [2, 74]

Міне, кезінде дау туғызған шығарма – «Көксерек». Ол – автор талантының айқын айғағы. Көп ізденістердің жемісі. Мотив көшіруден аулақ. Ұсақ шағырма емес. Оны әлем әде-

биетіндегі үздік классикалық шығармалармен салыстыруға болады. Жоғарыда келтіргендей бұл шығарма сюжеті Канада жазушысы Сетон – Томпсеннің «Виннипег қасқырына» ұқсас. Әуезовтің «Көксерегі» - тұтас философиялық шығарма. Бұдан зор шеберлік көреміз. Кезінде шығармада теріс сарындар басым деген пікірлер де айтылды. Ол эстетикалық қате тұжырымнан туған жаңсақ ой еді.

Мұхтар Әуезовтің дүниеден өткеніне қанша жыл болса да, өзінің туған топырағында ғана қалып қоймай, ол туысқан халықтар, оның ішінде түбі бір туысқан өзбек, қырғыз, түрікмен және қарақалпақ, тәжік халықтары арасында да жылдар өткен сайын кең өріс алып, оның үні мен әуені, даңқ тұғыры биіктей түсуде. Шынында да, Мұхтар Әуезов халқымыздың арасында мәңгі жасайтын ұлы тұлға, кеменгер қаламгер, дархан дарын, ғұлама ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «М. Әуезовтың қазақ тілін дамытудағы рөлі» / Ғылыми теориялық конференция материалдары/. Алматы. Қанағат – ҚС 1997. 117 б.
2. Рымғали Нұрғали «Әуезов және алаш» /Әдебиеттегі ұлттық рух/. Алматы «Санат» 1997. 432 б.
3. Тайжанов А. «Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері». Алматы 1995. 190 б. (Алматы Республикалық баспа комитеті).
4. Қонаев Д., Қожакеев Т., Сейденов Қ. «Әлемнің Әуезові». Алматы «Санат» 1997. 144 б.
5. Майтанов Б. «Мұхтар Әуезов – суреткер» Алматы. Әл-Фараби, 1996. 124 б.